

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы (Қазмемтерминком) туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 30 маусым N 744. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.04.21. N 367 қаулысымен. ~P980367

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы мына құрамда бекітілсін:  
Тасмағамбетов И.Н.- Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары (төраға)

<\*>

Оразалинов С.Ш. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінің төрағасы (комиссия төрағасының бірінші орынбасары)

Қайдаров Ә.Т. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры (комиссия төрағасының орынбасары)

Малбақов М. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінің терминология және тіл мәдениеті бөлімінің бастығы (комиссияның ғалым-хатшысы)

Комиссия мүшелері:

Айтбаев Ө. - халықаралық "Қазақ тілі" қоғамның бірінші вице-президенті

Көшербаев Қ.Е. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасары, Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі

<\*>

- Ахметәлімов А. - Қазақстан Республикасы ақпарат агенттігінің директоры
- Әбдіков Т. - Қазақстан Республикасы Президентінің Әдебиет және мәдениет жөніндегі кеңесшісі
- Білиев Н.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Математика және механика институтының директоры
- Бейсенбаев Ж. - "Ана тілі" газетінің бас редакторы
- Жағанова А.Қ. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Мәдениет, баспасөз, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитетінің төрайымы
- Жолдасбеков Ө.А. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі комитетінің төрағасы
- Ерғожин Е.Е. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Химия ғылымы институтының директоры
- Кенжалин Ж.О. - "Халық кеңесі" газетінің бас редакторы
- Қалиев Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми академиясының А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты терминология және аударма бөлімінің меңгерушісі
- Қалиев Ғ.А. - Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті
- Қасымбеков М.Б. - Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Жалпы бөлімінің меңгерушісі
- Қошанов А.Қ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Экономика институтының директоры
- Мағауин М. - "Жұлдыз" журналының бас редакторы
- Матыжанов К.С. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті төрағасының орынбасары
- Жұрынов М.Ж. - Қазақстан Республикасының Білім министрі
- <\*>
- Нұрғалиев Р. - Қазақ Энциклопедиясының бас редакторы
- Оразалиев Н. - "Егемен Қазақстан" газетінің бас редакторы
- Оралбаев Н. - Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі

Рақышев А.Р. - С. Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтының қалыпты анатомия кафедрасының меңгерушісі

Сапарғалиев Ғ.С. - Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті заң факультетінің деканы

Сарыбаев Ш.Ш. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының диалектология бөлімінің меңгерушісі

Сәрсенбаев А. - Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі

Сәрсенбаев О. - "Өнер" баспасының директоры

Сәрікқалиев З. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Аппаратының Редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі

Сүндетов М. - "Ана тілі" баспасының бас редакторы

Сыдықов Ж.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Жер туралы ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы

Тәшенов К.Т. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Биологиялық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы

Тәшимбаев Ғ.Т. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Жалпы бөлімінің аударма секторының меңгерушісі

Уәлиев Н. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының тіл мәдениет бөлімінің аға ғылыми қызметкері

Шүкіров С. - "Сұхбат" газетінің бас редакторы

Ескерту. Комиссия құрамына өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.10.17. N 1339 қаулысымен.

P951339\_

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жыл сайын мемлекеттік тілдің терминологиясын реттеу мен жетілдіруге байланысты Қазмемтерминком атқаратын шараларға арнайы қаржы бөліп, Тіл комитетіне беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік

терминология комиссиясы туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

4. "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы ережеге" байланысты Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 9 ақпандағы N 72 қаулысының (Қазақ ССР Қаулылар жинағы, 1984 ж., N 15, 18-б);

"Қазақ ССР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының (Қазмемтерминком) құрамы туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы қазанның 31-індегі N 654 қаулысының күші жойылды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 30 маусымдағы

N 744 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы  
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (Қазмемтерминком) экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы жөніндегі ғылыми қызметке жалпы басшылық жасайтын және бекітілген терминдер мен атаулардың іс жүзінде қолданылуын бақылап отыратын орган болып табылады.

2. Қазмемтерминком өз қызметінде:

қазақ тілінің байырғы лексикалық байлығын (кәсіби лексика, көнерген сөздер, диалектизмдер, ауызекі тіл үлгілері, т.б.) термин жасау ісіне сарқа пайдалану;  
термин жасауда түркі тілдерінің озық тәжірибесін пайдалану;

халықаралық экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық қарым-қатынастарды жеңілдетуге қажетті шетел терминдерін қазақ тілінің емлесіне бағындырып, қабылдау ұстанымдарын басшылыққа алады, мағына мен тұлғасы жағынан бір текті терминдердің ғылым мен техниканың салалық және салааралық жүйелерінде қолданылуын үйлестіріп, ұлттық және халықаралық термин-атаулардың табиғи арасалмағының бұзылмауын қадағалап отырады.

3. Қазмемтерминком өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің салалары бойынша секциялар құрады. Қазмемтерминкомның шешімімен құрамы белгіленіп, бекітілген әрбір секция ғылым мен техниканың тиісті саласындағы ұлттық

терминологияны жасауға, жетілдіруге және бір ізге салуға байланысты барлық жұмыстарды ұйымдастырады;

секцияларда талқыланып, әзірленген терминдер мен атауларды ұдайы өткізіп тұратын мәжілістерінде қарап, бекітеді;

секциялардың ғылым-хатшыларынан, Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінің терминология бөлімі, қызметкерлерінен құралған бақылау тобын құрады. Ол бекітілген терминдер мен атаулардың дұрыс қолданылуын қадағалап отырады.

Терминологияны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың басшыларын қатыстырып, жиындар өткізеді (салалық және салааралық терминдер мен атаулардың мәселелері бойынша мұндай жиындар секцияларда өткізіледі);

бекітілген терминдер мен атауларды республикалық "Егемен Қазақстан" газеті арқылы жариялап, бюллетеньдер мен салалық сөздіктер түрінде баспаға ұсынады.

4. Қазмемтерминкомның шешімі әдетте оның қаулысымен жүзеге асырылады

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты терминдер мен атауларды Қазмемтерминкомның бекітуіне әзірлейтін ғылыми база болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті Қазмемтерминкомның жұмыс органы болып саналады.

7. Қазмемтерминкомның терминдер жөнінде қабылдаған шешімдері республиканың барлық министрліктері, мемлекеттік комитеттері, ведомстволары, кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары үшін міндетті болып табылады.

8. Қазмемтерминком өз қызметінде Қазақстан Республикасының министрлер Кабинетіне бағынады.